

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер есеп айырысуларының нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 358 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 23 ақпандағы N 47 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 20 наурыздағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4579 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы № 147 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.05.2016 № 147 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Агенттік Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер есеп айырысуларының нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 358 қаулысына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3924 тіркелген) Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының" "Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер есеп айырысуларының нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 358 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 26 қарашадағы N 409 (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3989 тіркелген), "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының" "Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер есеп айырысуларының нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 358 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 2006 жылғы 27 мамырдағы N 120 (Нормативтік құқықтық кесімдерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4249 тіркелген), "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер есеп айырысуларының нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 358 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2006 жылғы 17 маусымдағы N 135 (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4311 тіркелген) қаулыларымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен бірге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер есеп айырысуларының нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықта:

3 - т а р м а қ т а :

екінші абзацтағы "меншікті капиталының" деген сөздер "бірінші деңгейдегі және екінші деңгейдегі капитал сомасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Рыноктық тәуекелді жабуға арналған бірінші деңгейдегі капиталдың бөлігі екінші деңгейдегі капиталдың меншікті капиталына енгізу бойынша белгіленген шектеулерді ескере отырып, осы Нұсқаулықтың 16-тармағымен айқындалған банктің меншікті капиталының жеткіліктілік нормативтерін орындауға қажетті бірінші деңгейдегі капиталдың нақты мөлшері мен бірінші деңгейдегі капиталдың барынша аз мөлшері арасындағы айырмашылықты білдіреді.";

10-тармақтың төртінші абзацындағы "жалпы резервтер (провизиялар)" деген сөздер "жалпы банктік тәуекелдерге резервтер (провизиялар)" деген сөздермен ауыстырылсын;

13-тармақтың алтыншы абзацы "(k2)" деген белгімен толықтырылсын;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Банктің меншікті капиталының жеткіліктілік коэффициентінің мәні k2 0,12 - ден кем болмауы тиіс.

Қатысушысы банк холдинг болып табылатын банк үшін банктің меншікті капиталының жеткіліктілік коэффициентінің мәні k2 0,10-нан кем болмауы тиіс.

Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің есебі осы Нұсқаулықтың 1 және 2-қосымшасына с ә й к е с ж а с а л а д ы .

Тәуекел дәрежесі бойынша активтерді, шартты және ықтимал міндеттемелерді мөлшерлеу мақсатында активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер олар бойынша жасалған арнайы резервтер (провизиялар) с о м а с ы н а а з а я д ы .

Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген шартты және ықтимал

міндеттемелер осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес есептелген шартты және ықтимал міндеттемелер сомасының осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасында көрсетілген қарсы агент санатына сәйкес ол бойынша банк кредиттік тәуекелге ұшырайтын тәуекел деңгейіне туындысы ретінде анықталады.

Своптар, фьючерстер, опциондар және форвардтар аталған қаржы құралдарының рыноктық құнының және олар бойынша кредиттік тәуекел сомасын осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасында көрсетілген қарсы агент санатына сәйкес келетін тәуекел дәрежесіне көбейту жолымен кредиттік тәуекелді ескеріп, мөлшерленген шартты және ықтимал міндеттемелер есебіне енгізіледі.

Своп, фьючерс, опцион және форвард операциялары бойынша кредиттік тәуекел осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасында көрсетілген және аталған қаржы құралдарын өтеу мерзімімен анықталатын кредиттік тәуекел коэффициентіне аталған қаржы құралдарының номиналдық құнының туындысы ретінде е с е п т е л е д і .

Осы тармақта көрсетілген қаржы құралдарының рыноктық құны (ауыстыру құны) мынадай болып көрсетіледі:

сатып алуға арналған мәмілелер бойынша - берілген қаржы құралының номиналды шартты құнынан қаржы құралының ағымдағы рыноктық құнының асу мөлшері. Егер қаржы құралының ағымдағы рыноктық құны оның номиналды шартты құнынан аз немесе оған тең болған жағдайда, ауыстыру құны нөлге тең б о л а д ы ;

сатуға арналған мәмілелер бойынша - берілген қаржы құралының ағымдағы рыноктық құнынан қаржы құралының номиналды шартты құнының асу мөлшері. Егер қаржы құралының номиналды шартты құны оның ағымдағы рыноктық құнынан аз немесе оған тең болған жағдайда, ауыстыру құны нөлге тең болады.

Бивалюталық қаржы құралдары бойынша (қаржы құралдары бойынша талап пен міндеттеме әр түрлі шетел валютасында көрсетілген қаржы құралдары бойынша) ауыстыру құны есептілікті құру күніне белгіленген бағам бойынша айқындалған міндеттемелердің теңгелік баламасынан талаптардың теңгелік баламасының асу мөлшері ретінде анықталады. Егер талаптардың теңгелік балама мөлшері міндеттемелердің теңгелік баламасынан аз немесе оған тең болған жағдайда, ауыстыру құны нөлге тең болады.

Осы тармақта көрсетілген қаржы құралдарының номиналды шартты құны бухгалтерлік есептің тиісті шоттарында мәмілелерді жасау күніне белгіленген қаржы құралдарының құны ретінде көрсетіледі. Бивалюталық қаржы құралдарының номиналды шартты құны ретінде банктің талаптары құрылатын в а л ю т а а л ы н а д ы .

Сатылған опциондар кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген шартты және ықтимал міндеттемелердің есебіне кіргізілмейді.

Активтердің, шартты және ықтимал талаптардың және міндеттемелердің есебі рыноктық тәуекелді ескере отырып, осы Нұсқаулықтың 17-30 тармағына сәйкес жасалады.

Операциялық тәуекелдің есебі осы Нұсқаулықтың 31-тармағына сәйкес жасалады.

Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенттерін есептеу кезінде (k_1 , k_2) салымдардың тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтердің мөлшерінен және активтер мөлшерінен банк кастодиан шарты негізінде сақтауға қабылдаған инвестицияланбаған қаражаттардың қалдығы алынып тасталады.";

17-тармақта "рыноктық тәуекелді" деген сөздерден кейін "(валюталардың айырбас бағамының және қымбат металдар бағамының өзгеруіне байланысты рыноктық тәуекелмен қаржы құралдары бойынша тәуекелді қоспағанда)";

21 - тармақта :

2) тармақшада "BBB" рейтингінен немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінен төмен емес" деген сөздер "A+"-дан "BBB"-ге дейін немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақшадағы "2" деген цифр "1" деген цифрмен ауыстырылсын;

23-тармақтың 5) тармақшасының жетінші абзацы "15 жылға дейін," деген сөздерден кейін "15 жылдан 20 жылға дейін," деген сөздермен толықтырылсын;

28-тармақтың екінші және үшінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"әрбір шетел валютасы бойынша ашық қысқа позициялар (абсолюттік мәнде) және қымбат металдар бойынша ашық (ұзақ/қысқа) позициялар (абсолюттік мәнде) ;

әрбір шетел валютасы бойынша ашық ұзақ позициялар (абсолюттік мәнде) және қымбат металдар бойынша ашық (ұзақ/қысқа) позициялар (абсолюттік мәнде).";

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Шетелдік валюталардың айырбас бағамының (қымбат металдардың рыноктық құны) өзгеруіне байланысты, активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті органмен белгіленген талаптар мен тәртіпке сәйкес ашық валюта позициялары бойынша қалыптастырылған провизияларды шегеріп, ашық валюта позициясының есебіне енгізіледі.";

32-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"32. "Бір заемшы" деген терминді банктің талаптары бар немесе осы Нұсқаулықтың 34-тармағында көрсетілген талаптар оларға туындауы мүмкін әрбір жеке немесе заңды тұлға деп түсінуге болады.";

33-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33-1. Заемшылар тобын тану бойынша осы Нұсқаулықтың 32-тармағының талаптары мыналарға таралмайды:

мемлекет акцияларының бақылау пакетін "Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдинг" акционерлік қоғамының жарғылық капиталына берген заңды тұлғаларға;

мемлекеттік акциялар пакеті (қатысу үлесі) "Қазына" тұрақты даму қоры" акционерлік қоғамының жарғылық капиталына төлем жасауға берілген заңды тұлғаларға.";

мынадай мазмұндағы 33-2-тармақпен толықтырылсын:

"33-2. Банктің екі және одан артық еншілес ұйымдарынан тұратын тобы мынадай жағдайларда заемшылар тобы деп танылмайды, егер:

олар банкта ірі қатысулары арқылы банктің жарғылық капиталымен байланысты болса;

банктің лауазымды тұлғалары осындай еншілес ұйымдардың лауазымды тұлғалары болып табылса.";

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Бір заемшыға тәуекел мөлшері (Р), оның ішінде банктің, мынадай талаптар сомасы түрінде есептеледі:

1) заемдар, салымдар, дебиторлық берешектер, бағалы қағаздар (осы Нұсқаулықтың 3-тармағында көрсетілген банк инвестицияларынан басқа);

2) осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес есептелген шартты және ықтимал міндеттемелер;

3) аталған қаржы құралдары мен ондағы кредиттік тәуекелдің рыноктық құнының сомасы ретінде есептелген кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген своптар, фьючерстер, опциондар, форвардтар.

Своп, фьючерс, опцион және форвард операциялары бойынша кредиттік тәуекел осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасында көрсетілген және аталған қаржы құралдарын өтеу мерзімімен анықталатын кредиттік тәуекел коэффициентіне аталған қаржы құралдарының номиналдық құнының туындысы ретінде есептеледі.

Осы тармақта көрсетілген қаржы құралдарының рыноктық құны (ауыстыру құны) мынадай болып көрсетіледі:

сатып алуға арналған мәмілелер бойынша - берілген қаржы құралының номиналды шартты құнынан қаржы құралының ағымдағы рыноктық құнының асу мөлшері. Егер қаржы құралының ағымдағы рыноктық құны оның номиналды шартты құнынан аз немесе оған тең болған жағдайда, ауыстыру құны нөлге тең болады;

сатуға арналған мәмілелер бойынша - берілген қаржы құралының ағымдағы

39-тармақтың жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Банктің ағымдағы өтімділігі коэффициентінің барынша төмен мәні (k4) 0,3 мөлшерінде белгіленеді. Банктің қысқа мерзімді өтімділігі коэффициентінің барынша төмен мәні (k5) 0,5 мөлшерінде белгіленеді.";

4 1 - т а р м а қ т а :

5) тармақша ""овернайт"" деген сөзден кейін ", ұсынылған" деген сөзбен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 5-1)-тармақпен толықтырылсын:

"5-1) Қазақстан Республикасының банктерінде және Standard & Poor's агенттігінің "BBB-"-дан төмен емес ұзақ мерзімді борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар резидент емес банктерде бір түнге орналастырылған салымдар;";

4 2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац ", сондай-ақ банктерден алынған "овернайт" заемдарды және бір түнге банктерден тартылған салымдарды" деген сөздермен толықтырылсын;

е к і н ш і а б з а ц :

"сондай-ақ" деген сөзден кейін "банктерден алған "овернайт" заемдарын, бір түнге банктерден тартылған салымдарын және" деген сөздермен толықтырылсын ;

"заңды тұлғалардың" деген сөздерден кейін ", тазартылған қымбат металдардың" деген сөздермен толықтырылсын;

44-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган белгілеген активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеуге және оларға қарсы провизияларды құруға қойылатын талаптарға сәйкес бірінші және екінші санатты күмәнділерінен басқа жіктелген активтер;";

44-4-тармақ мынадай мазмұндағы алтыншы-сегізінші абзацпен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"Қазақстан Республикасының резидент еместері алдындағы міндеттемелер сомасының осы коэффициентінің есебін жасау мақсатында мыналар алып т а с т а л ы н а д ы :

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" (бұдан әрі - Салық Кодексі) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінің 7-бөліміне сәйкес Қазақстан Республикасы резиденттері ретінде танылатын (растайтын құжаттары бар болғанда), Қазақстан Республикасы резидент еместері болып табылатын жеке және заңды тұлғалар алдындағы және корреспонденттік шоттары бойынша міндеттемелер;

"Қазақстан Республикасының Халықаралық Валюта Қорына, Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкіне, Халықаралық Қаржы Корпорациясына,

Халықаралық Даму Қауымдастығына, Инвестициялар Кепілдігінің Көпжақты Агенттігіне, Инвестициялық Дауларды Реттеу жөніндегі Халықаралық Орталыққа, Еуропа Қайта Құру және Даму Банкіне, Азия Даму Банкіне, Ислам Даму Банкіне мүшелігі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 6 желтоқсандағы Заңына (бұдан әрі - 2001 жылғы 6 желтоқсандағы Заң) сәйкес Қазақстан Республикасы мүше болып табылатын халықаралық ұйымдар ретінде танылған Қазақстан Республикасының резидент еместері алдындағы қысқа мерзімді міндеттемелер.";

4 7 - т а р м а қ т а :

бірінші, екінші және үшінші абзац "(шет мемлекеттер тобының)" және "шетел валютасындағы" деген сөздерден кейін "немесе тазартылған қымбат металдардағы" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші абзац "(тазартылған қымбат металдардың құнын)" деген сөздермен толықтырылсын;

алтыншы абзац "валюта бойынша" деген сөздерден кейін "және әрбір тазартылған қымбат металл бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

жетінші абзац "(шет мемлекеттер тобы)", "валюта" және "шетел валютасындағы" деген сөздерден кейін сәйкес "(тазартылған қымбат металдарға)", "(тазартылған қымбат металдар)" және "(тазартылған қымбат металдардағы)" деген сөздермен толықтырылсын;

сегізінші абзац "шетелдік валюталар" деген сөздерден кейін "(тазартылған қымбат металдар)" деген сөздермен толықтырылсын;

48-тармақтың 1)-тармақшасы "Еуро" деген сөзден кейін ", сондай-ақ тазартылған қымбат металл" деген сөздермен толықтырылсын;

50-тармақ "шетел валютасы" және "валюталары" деген сөздерден кейін тиісінше "(тазартылған қымбат металдар)" және "(тазартылған қымбат металдар)" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-1-тараумен толықтырылсын:

"6-1-тарау. Қазақстан Республикасының резидент еместері алдындағы міндеттемелеріне банктердің капиталдандыруы

53-1. Қазақстан Республикасының резидент еместері алдындағы міндеттемелерді банктердің капиталдандыруы к8 және к9 коэффициенттерімен с и п а т т а л а д ы .

53-2. к8 коэффициенті банктің Қазақстан Республикасының резидент еместері алдындағы жиынтық міндеттемелерінің меншікті капиталға қатысы ретінде есептеледі және осы Нұсқаулықтың 11-қосымшасында көрсетілген барынша жоғары нормативтік мәннен аспауы тиіс.

к8 коэффициентін есептеу мақсатында Қазақстан Республикасының резидент еместері алдындағы банктің жиынтық міндеттемелерінен мыналар алынып

т а с т а л а д ы :

банк айналымға шығарған Қазақстан Республикасының резидент
еместеріндегі бағалы қағаздар;

банктің кепілдігімен, банк арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдары арқылы
шығарған бағалы қағаздар;

Салық кодексінің 7-бөліміне сәйкес Қазақстан Республикасы резиденттері
ретінде танылатын (растайтын құжаттары бар болғанда), Қазақстан
Республикасы резидент еместері болып табылатын жеке және заңды тұлғалар
алдындағы және корреспонденттік шоттары бойынша міндеттемелер;

2001 жылғы 6 желтоқсандағы Заңға сәйкес Қазақстан Республикасы мүшесі
болып табылатын халықаралық ұйымдар ретінде танылған Қазақстан
Республикасының резидент еместері алдындағы міндеттемелер.

53-3. k9 коэффициенті банктің Қазақстан Республикасының резидент
еместері алдындағы жиынтық міндеттемелерінің сомасына және олардың
айналысқа шығарған борыштық бағалы қағаздарының қатысы ретінде есептеледі
және осы Нұсқаулықтың 11-қосымшасында көрсетілген барынша жоғары
нормативтік мәннен аспауы тиіс.

k9 коэффициентін есептеу мақсатында Қазақстан Республикасының резидент
еместері алдындағы банктердің жиынтық міндеттемелерінен мыналар алынып
т а с т а л а д ы :

банк айналымға шығарған Қазақстан Республикасының резидент
еместеріндегі борыштық бағалы қағаздар;

Салық кодексінің 7-бөліміне сәйкес Қазақстан Республикасы резиденттері
ретінде танылатын (растайтын құжаттары бар болғанда), Қазақстан
Республикасы резидент еместері болып табылатын жеке және заңды тұлғалар
алдындағы және корреспонденттік шоттары бойынша міндеттемелер;

2001 жылғы 6 желтоқсандағы Заңға сәйкес Қазақстан Республикасы мүшесі
болып табылатын халықаралық ұйымдар ретінде танылған Қазақстан
Республикасының резидент еместері алдындағы міндеттемелер.

53-4. k8 және k9 коэффициенттерін банктер 2007 жылдың 1-ші сәуірінен бастап
с а қ т а у ғ а т и і с .

2007 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша k8 және k9 коэффициенттерінің нақты
мәндері Нұсқаулықтың 11-қосымшасында көрсетілген барынша жоғары
нормативтік мәнінен асып түскен жағдайда, ол банктерге мынадай тәртіп
б е л г і л е н е д і :

1) 2008 жылғы 1 қаңтарға көлемі мынадай мәндерден барынша жоғарыдан
а с п а у ы т и і с :

осы банктің 2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ұсынған есептері
негізінде әрбіріне қатысты жеке алғандағы уәкілетті орган есептеген нақты

м ә н і н е н ;

осы Нұсқаулықтың 11-қосымшасында көрсетілген барынша жоғары
н о р м а т и в т і к м ә н і н е н ;

2) 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап 2008 жылғы 31 наурызды қоса алғандағы кезеңде көлемі барынша жоғары мәнінен мынадай мәндер бойынша аспауы тиіс:

осы банктің 2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ұсынған есептері негізінде әрбіріне қатысты жеке алғандағы уәкілетті орган есептеген нақты
м ә н і н е н ;

осы Нұсқаулықтың 11-қосымшасында көрсетілген барынша жоғары
н о р м а т и в т і к м ә н і н е н ;

3) 2008 жылдың 1 сәуіріне өлшем осы Нұсқаулықтың 11-қосымшасында көрсетілген барынша жоғары нормативтік мәнен аспауы тиіс.

Осы тармақпен белгіленген k8 және k9 коэффициенттерін банктер сақтаған жағдайда бұл асып түсу 2008 жылдың 31 наурызына дейін пруденциалдық нормативтерді бұзу деп танылмайды.";

1 - қ о с ы м ш а д а :

Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша сараланған банк
а к т и в т е р і н і ң к е с т е с і н д е :

реттік нөмірі 44-жолдағы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 маусымдағы N 715 қаулысымен" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 маусымдағы N 1388 Жарлығымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 58-жолдағы ", Standard & Poor's агенттігінің "BB-" төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осындай деңгейлі рейтингі бар банктің еншілес резидент емес банктеріне және сәйкес рейтингтік бағасы жоқ банктің еншілес резидент емес банктеріне" деген сөздер алынып тасталсын;

реттік нөмірі 62-жолдағы ", Standard & Poor's агенттігінің "BB-" төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осындай деңгейлі рейтингі бар банктің еншілес резидент емес банктерінде және сәйкес рейтингтік бағасы жоқ банктің еншілес резидент емес банктерінде" деген сөздер алынып тасталсын;

реттік нөмірі 63-жолдағы ", Standard & Poor's агенттігінің "BB-" төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осындай деңгейлі рейтингі бар банктің еншілес резидент емес банктерін және сәйкес рейтингтік бағасы жоқ банктің еншілес резидент емес банктерін" деген сөздер алынып тасталсын;

реттік нөмірі 68-жолдағы ", Standard & Poor's агенттігінің "BB-" төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осындай

деңгейлі рейтингі бар банктің еншілес резидент емес банктерімен және сәйкес рейтингтік бағасы жоқ банктің еншілес резидент емес банктерімен" деген сөздер алынып тасталсын;

реттік нөмірі 80-жолдағы "(банктің еншілес резидент емес банктеріне берілген заемдардан басқа)" деген сөздер алынып тасталсын;

реттік нөмірі 83-жолдағы "(банктің еншілес резидент емес банктеріндегі салымдардан басқа)" деген сөздер алынып тасталсын;

реттік нөмірі 84-жолдағы "(банктің еншілес резидент емес банктерінің дебиторлық берешегінен басқа)" деген сөздер алынып тасталсын;

реттік нөмірі 88-жолдағы "(банктің еншілес резидент емес банктері шығарғандардан басқа)" деген сөздер алынып тасталсын;

Банктің салымдық тәуекел дәрежесі бойынша сараланған активтерінің есебіне түсіндірменің 8-тармағы алынып тасталсын;

2 - қ о с ы м ш а д а ғ ы :

Банктің кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша өлшенген шартты және ықтимал міндеттемелер кестесінде:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 5-1 жолмен толықтырылсын:

"	5-1	Банк берілген заемдарды камтамасыз етуге қабылдаған кепілдіктер	0	,";
---	-----	---	---	-----

реттік нөмірі 7 жолдағы "және жоғары" деген сөздер алынып тасталсын;

Кредит тәуекелінің дәрежесі бойынша өлшенген банктің шартты және ықтимал міндеттемелерінің есебіне түсініктемелердің бірінші абзацы алынып тасталсын;

9, 10-қосымшаларда "Активтерді жіктеу, шартты міндеттемелер ережелері" деген сөздер "активтер жіктемесіне, шартты міндеттемелерге және Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес уәкілетті орган бекіткен оларға қарсы провизиялар құруға қойылатын талаптарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

осы қаулының қосымшасына сәйкес 11-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы, 2007 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін осы қаулының 1-тармағының жүз жиырма бір - жүз жиырма сегізінші абзацтарын қоспағанда, 2007 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Стратегия және талдау департаменті (Бүбеев М.С.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, екінші деңгейдегі банктерге, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

4. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен қадағалау
агенттігі Басқармасының
2007 жылғы 23 ақпандағы

№ 47 қаулысына қосымша

"Екінші деңгейдегі банктер үшін
пруденциалдық нормативтер есеп
айырысуларының нормативтік мәні
мен әдістемесі туралы
н ұ с қ а у л ы қ т ы ң

11-қосымшасы

**Қазақстан Республикасының резидент еместер алдындағы
міндеттемелеріне банктерді капиталдандырудың
коэффициенттер кестесі (k8, k9)**

№№	Банктердің жеке капиталы	Коэффициенттердің барынша жоғары нормативтік мәні	
		k8	k9
1.	кемінде 50 миллиард теңгені қоса алғанда	2	4
2.	50-ден бастап 100 миллиард теңге қоса алғанда	2,5	4,5
3.	100-ден бастап 150 миллиард теңгені қоса алғанда	3	5
4.	150-ден бастап 200 миллиард теңгені қоса алғанда	3,5	5,5
5.	200 миллиард теңгеден астам	4	6".